

"Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 4-4/246 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 11 шілдеде № 9575 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 15-02/811 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.09.2015 № 15-02/811 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. «Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 06-3/488 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7249 тіркелген, 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 138-142 (27215) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К Е Л І С І Л Д І
Қ а з а қ с т а н
Т ұ т ы н у ш ы л а р д ы ң
Қ о р ғ а у

а г е н т т і г і н і ң

2014 жылғы 21 мамыр

К Е Л
Р е с п у б л и к а с ы Қ а з а қ
қ ұ қ ы қ т а р ы н Қ о р ш
т ө р а ғ а с ы с у
Б . Қ у а н д ы қ о в -----
2 0 1 4

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 4 мамырдағы
№ 4-4/246 бұйрығымен
бекітілген

«Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы к ө р с е т е д і .

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде - пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу туралы шешім, қағаз жеткізгіштегі тіркеу куәлігін беру немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 78 қаулысымен бекітілген «Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 9-тармағына сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хатты жолдау;

2) порталда пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу және пестицидке (улы химикатқа) қағаз жеткізгіштегі тіркеу куәлігінің дайындығы туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы а қ п а р а т .

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылдар) бастауға негіздеме Стандарттың 9-тармағында айқындалған құжаттарды ұсыну болып т а б ы л а д ы .

5. Мемлекеттік қызметті көрсету құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар):

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің сарапшысы жеке және заңды тұлғалардан (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, кіріс хат-хабарлар журналына тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау нөмірі мен күнін көрсете отырып, тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат береді. Тіркелген құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің төрағасына беріледі - қабылданған құжаттар топтамасын беруге арналған уақыт - 30 минуттан артық емес;

2) көрсетілетін қызметті берушінің төрағасы ұсынылған құжаттармен танысып, оларды Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі басқарманың басшысына (бұдан әрі - Басқарма) қарауға жолдайды қабылданған құжаттар топтамасын беруге арналған уақыт - 2 сағаттан артық емес;

3) Басқарма басшысы ұсынылған құжаттармен танысып, оларды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бас сарапшысына немесе сарапшысына қарауға жолдайды - қабылданған құжаттар топтамасын беруге арналған уақыт - 2 с а ғ а т т а н а р т ы қ е м е с ;

4) көрсетілетін қызметті берушінің бас сарапшысы немесе сарапшысы көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап олардың мазмұнын, ұсыну толықтығын, толтыру дұрыстығын қарайды - 10 жұмыс кү н і н е н а р т ы қ е м е с .

Көрсетілетін қызметті берушінің бас сарапшысы немесе сарапшысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап мемлекеттік тіркеуге өтінім берілген пестицид (улы химикат) туралы ақпараты бар хатты оның сауда атауын, әрекет етуші затын және қолдану регламенттерін көрсете отырып, қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға келісуге жолдайды - хаттарды жолдауға арналған уақыт - 1 жұмыс күнінен артық емес.

5) мемлекеттік қызметті көрсету процесінде қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысымен бекітілген Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларының 48 және

49-тармақтарына сәйкес пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді келіседі немесе пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді келісуден дәлелді бас тартуды жолдайды - ұсынылған материалдарды қарау уақыты - 6 жұмыс күнінен артық емес.

Қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде жауап ұсынбаған жағдайда пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу келісілген деп есептеледі.

6) тіркеу материалдарын тексергеннен және осы келісімді алғаннан кейін бас сарапшы немесе сарапшы пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізу немесе өткізудің мүмкін еместігі туралы қорытынды дайындайды, оған бас сарапшы немесе сарапшы мен Басқарма басшысы қол қояды. Бұл ретте мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу күнін көрсете отырып, арнайы жасалған бланкіде пестицидке (улы химикатқа) арналған куәлік немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хат ресімделеді, олар көрсетілетін қызметті берушінің төрағасына қол қою үшін ұсынылады - куәлікті ресімдеуге және оған қол қоюға арналған уақыт - 3 жұмыс күнінен артық емес;

7) көрсетілетін қызметті берушінің төрағасы пестицидке (улы химикатқа) арналған тіркеу куәлігіне қол қойғаннан кейін, осы куәлік көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен расталады және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) беріледі - куәлікті беруге арналған уақыт - 2 сағаттан артық емес.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар сәйкес болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің төрағасы қол қойған пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хат жолдайды - хатты беруге арналған уақыт - 1 жұмыс күнінен артық емес;

8) пестицидті (улы химикатты) тіркеу күні мен мемлекеттік тіркеу нөмірі пестицидтердің (улы химикаттардың) арнайы журналында белгіленеді, оны көрсетілетін қызметті беруші жүргізеді. Пестицидке (улы химикатқа) тіркеу куәлігінің көшірмесі көрсетілетін қызметті берушіде сақталады;

9) тіркелген пестицидтер (улы химикаттар) «Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне» енгізіледі.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі рәсімдер (іс-қимылдар) нәтижелері:

1) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу,

осы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің төрағасына жолдау;

2) орындауға қарар жазу және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің
Бас қарма басшысына жолдау;

3) орындауға қарар жазу және құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші
Басқарманың бас сарапшысына немесе сарапшысына жолдау;

4) бас сарапшының немесе сарапшының көрсетілетін қызметті алушы
ұсынған құжаттарды қарауы, пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді
келісуге хаттарды қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын
қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға жолдау;

5) уәкілетті мемлекеттік органдардан пестицидті (улы химикатты)
мемлекеттік тіркеуді келісуді немесе келісуден дәлелді бас тартуды алу;

6) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізу туралы
қорытынды дайындау, пестицидке (улы химикатқа) арналған тіркеу куәлігін
ресімдеу, оған қол қою және беру немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған
құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік
тіркеуден өткізудің мүмкін еместі туралы хатты көрсетілетін қызметті алушыға
ж о л д а у .

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті
берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің сарапшысы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің төрағасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің Басқарма басшысы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің бас сарапшысы немесе сарапшысы;

5) қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау
саласындағы; уәкілетті мемлекеттік органдар.

8. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің сарапшысы:

1) құжаттар қабылдауды жүзеге асырады;

2) құжаттардың түпнұсқаларындағы мәліметтердің мемлекеттік ақпараттық
жүйелерден алынған мәліметтермен тең түпнұсқалығын салыстырып тексереді (
көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының резиденттері
ү ш і н) ;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, заңмен
корғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде бар мәліметтерді
пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады (

көрсетілетін қызметті алушылар - Қазақстан Республикасының резиденттері
ү ш і н) ;

4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар бар болған және құжаттардың түпнұсқаларындағы мәліметтердің мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен тең түпнұсқалығы кезінде құжаттарды т і р к е й д і ;

5) тиісті түрде ресімделген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің төрағасына береді (30 минуттан артық емес).

9. Көрсетілетін қызметті берушінің төрағасы:

1) х а т - х а б а р м е н т а н ы с а д ы ;

2) құжаттарды қарау үшін Басқарманы айқындайды;

3) қарар жазады (2 сағаттан артық емес).

10. Б а с қ а р м а б а с ш ы с ы :

1) х а т - х а б а р м е н т а н ы с а д ы ;

2) құжаттарды қарау үшін бас сарапшыны немесе сарапшыны айқындайды;

3) қарар жазады (2 сағаттан артық емес).

11. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бас сарапшысы немесе с а р а п ш ы с ы :

1) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды және олардың мазмұнын, ұсыну толықтығын, толтыру дұрыстығын қарайды (10 жұмыс күнінен артық емес);

2) қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді келісуге хат жолдайды (1 жұмыс күнінен артық емес).

12. Қоршаған ортаны қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді келіседі немесе пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді келісуден дәлелді бас тартуды жолдайды (6 жұмыс күнінен артық емес).

13. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бас сарапшысы немесе сарапшысы пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізу немесе өткізудің мүмкін еместігі туралы қорытынды дайындайды. Бұл ретте мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу күнін көрсете отырып, арнайы дайындалған бланкіде пестицидке (улы химикатқа) арналған куәлікті немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хатты ресімдейді, одан кейін оларды Басқарма басшысына қол қоюға және келісуге ұсынады -(3 жұмыс күнінен артық емес).

14. Басқарма басшысы пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің немесе өткізудің мүмкін еместігі туралы қол қойылған қорытындыны,

пестицидке (улы химикатқа) арналған келісілген тіркеу куәлігін немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хатты көрсетілетін қызметті берушінің төрағасына қол қоюға жолдайды (2 сағаттан артық емес).

15. Көрсетілетін қызметті берушінің төрағасы пестицидке (улы химикатқа) арналған тіркеу куәлігіне немесе көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хатқа қол қояды және оларды жауапты бас сарапшыға немесе сарапшыға жолдайды (2 сағаттан артық емес).

16. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бас сарапшысы немесе сарапшысы :

1) пестицидке (улы химикатқа) арналған тіркеу куәлігін көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен растайды, оны Тіркеу куәліктерін беру журналына тіркейді және пестицидке (улы химикатқа) арналған тіркеу куәлігін көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (2 сағаттан артық емес);

2) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкес болмауынан пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден өткізудің мүмкін еместігі туралы хатты көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды (1 күннен артық емес)

17. Әрбір әкімшілік іс-қимылды (рәсімді) орындау мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ-ның әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) реттілігі мен өзара әрекеттестігі мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламентке қосымшада келтірілген .

18. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі ҚФБ әкімшілік іс-қимылдарының логикалық реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін механизм осы Регламентке қосымшада келтірілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы

19. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының халыққа қызмет көрсету орталығына және (немесе) басқа да көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну мүмкіндігі көзделмеген.

20. Көрсетілетін қызметті алушыда ЭЦҚ болу шарты кезінде портал арқылы өтініш беру мүмкіндігі бар .


Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы не

оның өкілі порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш ұсынады.

«Пестицидтерді (улы имикаттарды)
мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік
қызмет регламентіне қосымша

**әкімшілік іс-қимылдарының логикалық реттілігі арасындағы өзара
байланысты**

көрсететін механизм



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК